Облыс атауы: Астана қаласы
Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты (Кассациялық саты)
**Жіберуші:** БАЙЖАНОВ АЛМАС САПАРБАЙҰЛЫ

# ХАТ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы
сотының төрағасына
Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлына
/Сот кабинеті арқылы/

Түркістан облыстық сотының төрағасы
Мыятбеков Тұрысбек Ерболғанұлына
/Сот кабинеті арқылы/

Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
сотының төрағасы
Жанысбаева Гулзат Усеновнаға
/Сот кабинеті арқылы/

Байжанов Алмас Сапарбайұлынан

А Л Ғ Ы С  Х А Т !

Құрметті,
Қазақстан Республикамыздың Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Амангелдіұлы !
Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Ерболғанұлы !
Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған


Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық колтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

сотының төрағасы Гулзат Усеновна!
Осы Алғыс хатты жазу себебім, Сіздерге және Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы Жанысбаева Гулзат Усеновнаға ризашылығымды айта келе, қарапайым халық ретінде, осы еліміздің азаматы ретінде, алғысымды төмендегіше айтқым келіп отыр;
Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы Г.Жанысбаеваның өндірісіне, менің яғни шағымданушы Алмас Сапарбайұлы Байжановтың жауапкер Түркістан облысының жер ресурстарын басқару департаментінің  2023 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 136-бабымен Алмас Сапарбайұлы Байжановты әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы №21 санды қаулысының күші жойылсын, оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс №5114-24-00-3ж/32 санды электрондық форматтағы ісім ҚР ЖС СК арықылы жолдағаным келіп түсіп қаралды.
20.02.2024 жылғы №5114-24-00-3ж/32 санды соттың қаулысымен менің шағымым сотпен қанағаттандырылып маған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісім заңды және әділ қаралып сотпен тоқтатылды.
Атап айтқанда, менің тұрғылықты мекен жайым ұзақтығын ескеріп, сот отырысын онлайн форматта қосып, істі қарап бастап жоғарыда аталған әкімшілік құқықбұзушылық істі тараптардың қатысуымен жан жақұты әділ заңды қарап істегі келтірілген дәлелдерімді толыққанды зерттеп, сот менің іс-әрекетімде ӘҚБтК-нің 136-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық құрамының бар екендігі дәлелденбеуін және де менің заңмен көзделген құқықтары шектелуіне байланысты, шағымым қанағаттандырылып, Департаменттің қаулысының күші жойып, маған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс тоқтатылуға жатады деген тұжырымға келді осы судья яғни Г.Жанысбаева іскерлігі білікті маман судья (төраға) болуға лайықты екенін дәлелдеді деп санаймын.
Судья Г.Жанысбаева аз уақытта, істің созбалаңға салынбауына жол бермеді, жауапкердің заңсыз іс әрекеттерін әшкерелеп, істегі құжаттармен дәлелденгенінен көзін жеткізіп, судья Г.Жанысбаева еңбегі өте жақсы және осындай білікті судьяның төраға ретінде қатарларыңызда бары қарапайым халық ретінде мені және басқада азаматтарды қуантатыны анық.
Төрағалық етуші судья ретінде Г.Жанысбаева, осы істі қарау барысында, өзінің ісіне білікті судья осы соттың төрағасы ретінде нық көрсетіп білімді маман екенін, Қазақстан Республикамыздың судьялар төрағасы болуға лайықты және әділ, көз қарасы жағынан халықтың мүддесіне, еліміздің Президентімен бекітіліп берген азаматтардың мүддесі бірінші орында қорғалған заңның барын ескеріп, істі әділ қарағаны үшін осы төрағалық



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық колтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

етуші судьяға ризашылығымды білдіремін.
Сондықтан, жоғарыдағы мән жайларды ескеріп, алдағы уақытта Сіздердің төраға ретінде басшылық етіп отырған, осы соттың төрағасы қызметін атқарып отырған төрайым Жанысбаева Гулзат Усеновна өзінің қызметінде тек адалдық, өсіп өнуіне және отбасында жақсылықтардың көп болуын, өзіне абырой мен білікті маман төрайым ретінде төрелікті ешбір қиындықсыз, жеңіл жүзеге асыруына тілектеспін және ризашылығымды Жоғарғы соттың және Облыстық соттың төрағаларына осылай жазбаша алғыс хатпен төрайым Г.Жанысбаевамен Сіздерге білдіремін.
Жоғарғы сот төрағасымен мен Облыстық соттың төрағасы басшы ретінде алғысымды шеттен тыс қалдырмай, төрайым Жанысбаева Гулзат Усеновнаға Алғысымды жеткізесідер деген үміттемін.

/ЭЦП қолы/
А.Байжанов
«01».«04».2024 ж.

**Қоса берілетін құжаттар тізбесі:**

1. АЛГЫС хат Байжанов судья Г.Жанысбаева.docx
2. УдЛиности Байжанов А.pdf

БАЙЖАНОВ АЛМАС САПАРБАЙҰЛЫ қол қойды

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.